

«Бектемің»  
 «Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ»  
 КММ –нің директоры  М.К.Кулсарина

«Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»  
 коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
 2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы ұйымдастыру барысы: 1. Жалпыға міндетті білім қорынан бөлінген қаражатты тиімді игеру, ата-аналарға қосымша ақпарат бере отырып, түсіндірме жұмыс жүргізу. 2. «Жаңа оқу жылында оқушылардың мектепке келуіне жағдай жасау, республикалық «Мектепке жол» акциясына демеушілерді тарту.	тамыз	Мектеп әкімшілігі  ДТДЖО Амиртаева М.С Әлеуметтік педагог А. Даулетова
2.	Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы №1 1. Өткен 2022-2023 оқу жылының қорытындысы. Жаңа 2023-2024 оқу жылының міндеттері 2. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау. 3. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау. 4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту. 5. Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары /пікірлесу/	қыркүйек	Сынып жетекшілер
3.	Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы №1 1. «Ата-ана, ұстаз, оқушы: болашаққа бағытталған ынтымақтастық» 2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құру туралы 3. Өткен оқу жылының қорытындысы, жаңа оқу жылының міндеттері мен жоспарын бекіту. 4. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау.	қыркүйек	Мектеп директоры Ата-аналар комитетінің төрағасы ДТДЖО Амиртаева М.С Тағытаева А.Ә Газизуллаева Г.М Желбаева Г.М Абайқызы .Б
4.	Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы №2 1. Баяндама «Білімді ұрпақ-болашағымыз» 2. I-тоқсан қорытындысы	Қараша	Сынып жетекшілер
5.	«Баланың отбасында бос уақытын пайдалану жолдары» сыныптарда ата-аналармен тренинг	Уақытында	Сынып жетекшілер Мектеп психологі

6.	<p>Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы №2</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» туралы түсіндіру</li> <li>2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» туралы түсіндіру жұмыстары</li> <li>3. «Құқықтық сауаттылық: балалардың өмірінің қауіпсіздігі, қоршаған ортаның тиімді және тиімсіз әсері</li> <li>4. Мектептің алдағы тәрбие бағдарламасының жоспары</li> </ol>	Қараша	Мектеп директоры Ата-аналар комитетінің төрағасы ДТІЖО Амиртаева М.С Родинская Г.В
7.	<p>Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы №3</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Баяндама «сапалы білім саналы тәртіпті бастайды»</li> <li>2. II-тоқсан қортыныдысы</li> </ol>	Қаңтар	Сынып жетекшілер
8.	<p>Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы №3</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «XXI ғасырдағы қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол»</li> <li>2. Мектепегі «АШЫҚ ЕСІК» күні</li> <li>3. «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» тренинг</li> <li>4. Ағымдағы мәселелер</li> <li>5.</li> </ol>	Ақпан	Мектеп директоры Ата-аналар комитетінің төрағасы ДТІЖО Амиртаева М.С
9.	<p>Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы №4</p> <p>III-тоқсан қортыныдысы</p>	Сәуір	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
10.	<p>Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы №5</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру»</li> <li>2. «Қауіпсіздік шаралары нұсқаулықпен таныстыру»</li> <li>3. Ағымдағы мәселелер</li> </ol>	мамыр	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
11.	<p>Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы: №4</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Біз біргеміз!» психологиялық тренинг</li> <li>2. «Қазіргі таңдағы жасөсірімдерінің тәрбиесі және құқықтары мен отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары»</li> <li>3. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» жұмыстары туралы</li> </ol>	Сәуір	Мектеп директоры Ата-аналар комитетінің төрағасы ДТІЖО Амиртаева М.С Әлеуметтік педагог Мектеп психологі

Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің  
2023-2024 оқу жылындағы ата-аналар қоғамымен жұмысының  
талдамасы

2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар қауымдастығының жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Қыркүйек айының 15-күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібі бойынша «Ата-ана, ұстаз, оқушы: болашаққа бағытталған ынтымақтастық», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» туралы, өткен оқу жылының қортындысы, жаңа оқу жылының міндеттері мен жоспарын бекіту. Ата-аналар комитетінің құрамын құру туралы мәселелер қаралды.

Әлеуметтік педагог жалпыға міндетті білім қорынан бөлінген қаражатты тиімді игеру, ата-аналарға қосымша ақпарат бере отырып, түсіндірме жұмыс жүргізу, «Жаңа оқу жылында оқушылардың мектепке келуіне жағдай жасау, республикалық «Мектепке жол» акциясына демеушіліктерді тарту туралы түсіндіру жұмыстарын талқылап кетті.

Қараша айының 3-күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Құқықтық сауаттылық: балалардың өмірінің қауіпсіздігі, қоршаған ортаның тиімді және тиімсіз әері», «Мектептің тәрбие бағдарламасының жоспары» туралы тақырыптық мәселелер қаралды. Облыстық білім басқармасының №2/4221 хатына сәйкес, Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 21.09.2023 жылғы хатын басшылыққа ала отырып, «кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында және қылмыс, нашақорлықтың алдын-алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдыналу бағытында ақпараттық-танымдық біліммен қамтамасыз ету, алдын-алу жөніндегі 2023-2024 оқу жылына арналған ведомствоаралық бірлескен кешенді іс-қимыл жоспары құрылды.

Тәрбие жұмыстары жөніндегі жүргізілген рейдтік шаралар, оқушы мен ата-аналарға арналған түсіндірме жұмыстары, қыркүйек айынан мамыр айының

аралығында 5-11 сыныптың ата-аналары үшін кезекшілік ұйымдастырылды. Кезекшілік барысында ата-аналар үзіліс кезінде оқушылардың тәртібін бақылап, оқушыларға кеңестер беріп отырды.

Ақпан айының 16-күні «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол», «Ашық есік» күні, «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Сәуір айының 25-күні «Біз біргеміз!» психологиялық тренинг, «Қазіргі таңдағы жасөспірімдерінің тәрбиесі және құқықтары мен отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары», «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары» тақырыбында және балалардың қауіпсіздігі, жазғы демалыстарын ұйымдастыру туралы хабарламалар қаралды.

Жалпы ата-аналар жиналысына АІБ полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары полиция майоры Темірбекұлы Әділет және патрульдік полиция тобының қызмет инспекторы лейтенант Савилеев Тілеуберген Бисенбайұлы қатысып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мектеп директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Амиртаева М.С

Ата-аналар комитетінің төрағасы:



Аубакиров С.Б